

**6D011900 - Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Смагулова  
Гульнара Танатаровнаның «Колледждердің техникалық мамандық  
студенттерінің шетел тілінен даярлаудың дидактикалық шарттары»  
атты диссертациясының аннотациясы**

**Зерттеудің өзектілігі.** Қазіргі кәсіптік білім беру жүйесі тұтастай алғанда білім беруге тән өзгерістерге ұшырауда. Әлемдік қоғамдастыққа экономикалық және мәдени ықпалдастық жағдайында кадрларды даярлау нәтижелеріне қойылатын талаптардың артуы шетел тіліндегі біліммен байланысты, өйткені халықаралық ортада жұмыс жасауда кәсіби және жеке құзыреттіліктерін қалыптастыру, ең алдымен, тілдік (шет тілдік) даярлықты қажет етеді.

Осыған байланысты проблемалар төмендегідей:

1) кәсіптік білім ел экономикасының қажеттіліктерінен және әлемдік экономикалық даму тенденцияларынан артта қалуда;

2) тілдік дайындық деңгейі (дәлірек айтқанда шетел тілі) жеке тұлғаның кәсіби, академиялық және әлеуметтік ұтқырлығына айтарлықтай кедергі болып табылады.

Компьютерлік сауаттылық, технологиялық мәдениет, кәсіпкерлік және әлеуметтік дағдылармен қатар шетел тілдерін білу бәріне жаңа базалық білім мен дағдылармен байланысты болатыны заңды. Бұл туралы 2000 жылы қабылданған Еуропалық Одақтың Үздіксіз білім туралы меморандумында айтылған. Аталмыш ережелер біздің зерттеудің жаһандық, халықаралық масштабтағы өзектілігін анықтайды.

Ұлттық мәнмәтінге келетін болсақ, білім саласындағы басты құжаттардың бірі - білім беру мен ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына (ББҒДМБ) сілтеме жасау жеткілікті, онда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде басты міндеттер беделді арттыру, оқытудың қол жетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, елдің индустриалды-инновациялық даму қажеттіліктеріне сәйкес мазмұнын жаңғырту болып табылады. Міндеттерді тұжырымдау Қазақстандағы техникалық және кәсіптік біліммен (ТЖКБ) қамту дамыған елдерге қарағанда едәуір төмен екендігімен байланысты, білім берудің осы деңгейінің беделі байқалады (халықтың 22%-ы оны беделді деп санайды). Сонымен қатар, ББҒДМБ-да көрсетілгендей, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) зерттеуі бойынша, қазақстандық компаниялардың 70%-ы кадр даярлау деңгейінің төмендігі бизнесті дамытуға үлкен кедергі деп санайды. Елдің жұмысшылары автоматтандырылған дизайн, күрделі дәнекерлеу құрылымдарымен жұмыс жасау, техникалық ағылшын тілін игеру дағдылары жоқ.

Осылайша, еңбек нарығының эволюциясы, бірінші кезекте, жеке тұлға мен тұтас қоғам үшін әлеуметтік жеңілдіктер тұрғысында маңызды рөл атқаратын ТЖКБ жүйесінің жаңа міндеттерін айқындады. Осыған орай, Қазақстанда техникалық және кәсіптік білім берудің Мемлекеттік жалпыға

міндетті стандарты қабылданды, ол білім беру ұйымдарына Типтік оқу бағдарламаларының мазмұнын жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес өзгертуге, модульдік, кредиттік, дуалды оқытуды енгізуге мүмкіндік береді.

Біздің зерттеу аясында колледждердің техникалық мамандықтарына арналған бірқатар Типтік оқу бағдарламаларына талдау олардың шетел тілінде коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған екі пәннен құрастырылған: «Шетел тілі» және «Кәсіби шетел тілі». Кейбір мамандықтар бойынша шетел тілінде білім беру студенттерге мамандық бойынша терминологияны, кәсіби бағдарланған мәтіндерді аудару технологиясын (сөздікпен) игеруге және кәсіби қарым-қатынасты дамытуға бағытталған «Кәсіби шетел тілі» пәні аясында ғана жүзеге асырылады. Олардың мазмұны тек білім мен дағдыларды көрсетіп, мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік білімнің Типтік оқу жоспарларымен анықталады. Сонымен қатар, шетел тіліндегі оқу бағдарламалары деңгейлік білім беруді қарастырмайды, яғни мектеп, колледж және университет арасындағы шетел тілін оқыту сабақтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Еліміздің колледждерінде арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту практикасы іс жүзінде жоқ.

Көптеген жылдар бойы қалыптасқан Қазақстандағы колледждердің техникалық мамандықтары бойынша шетел тілін оқыту практикасы келесідей сипатталады:

- біріншіден, білім беру деңгейлері (мектеп пен колледж, мектеп пен университет, колледж және университет) арасындағы шетел тілдерін оқытудың сабақтастығы мен үздіксіздігі толық қамтамасыз етілмеген, бұл барлық шет тілдік құзіреттіліктердің кешенін қалыптастыруға және тілді меңгерудің белгілі бір деңгейіне жетуге кедергі болып табылады. Шетел тілінде білім беру саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес, білім берудің әртүрлі деңгейлерінде шетел тілдерін оқытудың үздіксіздігі мен сабақтастығы тілдерді меңгеру деңгейінің жалпыеуропалық жүйесіне (CEFR) сәйкес тілді оқыту арқылы қол жеткізу керек;

- екіншіден, колледжде шетел тілдерін оқытудың мақсаты болашақ кәсіби қызметінде осы тілде сөйлейтін мамандарды қарым-қатынас құралы ретінде даярлау болып табылады. Алайда, бұл мақсатқа жетуге техникалық колледж студенттеріне шетел тілін оқытуға бөлінген оқу уақыты кедергі келтіруде.

Қазақстандағы колледждердегі техникалық және кәсіптік білім беру практикасы сонымен қатар техникалық мамандықтар студенттерін даярлау, ең алдымен, кәсіби білім, дағдылар мен біліктерді алуға бағытталған және тар шеңберде мамандандырылған сана мен ойлауды дамыту формасы болып табылады, ал түлектердің жұмысы тек жақсы кәсіби шеберлікті ғана емес, сонымен бірге коммуникативті білім, дағды, қабілет және жеке тұлғалық қасиеттерді де талап етеді. Нәтижесінде, тиісті тілдік дайындығы жоқ және дамыған коммуникациялық дағдылары жоқ техникалық маман кәсіби қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу саласында күрделі қиындықтарға тап болады.

Жоғарыда келтірілген жайт өз кезегінде шетел тілін оқыту мазмұнын жаңаша таңдау қажеттілігіне, кәсіби ерекшеліктерін ескере отырып, шетел тілдерін оқытудың траекториясы мен қағидаттарын айқындауға, арнайы әдіс пен технологияларды, тиісті мамандандырылған оқу-әдістемелік әдебиеттерді және т.б. әзірлеуге әкелді.

Жоғарыда аталған мәселелерді кешенді шешу ғана кәсіби шетел тілін оқытудың тиімді жүйесін құруға, маманның жұмыс берушілер тарапынан кәсіби тілдік біліктілікке қойылатын жоғары талаптар мен оның нақты деңгейінің арасындағы қайшылықты шешуде оң нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Шетел тілін оқытудың теориясы мен әдістемесінде біздің зерттеу жұмысымыздың мәселесі әртүрлі контексте қарастырылды. Сонымен бірге, қол жетімді дереккөздерден алынған 150-ден астам жұмысты зерттеу, қазақстандық білім беруді модернизациялау жағдайында колледждердің техникалық мамандықтары студенттерін шетел тілінде оқыту мәселесі ғалымдар тарапынан әлі де назар аударылмағандығын көрсетті.

Осыған байланысты: 1) Мемлекеттің колледждерінде шетел тілін оқытудың нақты төмен деңгейін ескере отырып, ТЖКБ ұйымдарында мамандар даярлау сапасын шетел тілі және мәдениаралық және коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуы мен арттыру қажеттілігі *арасындағы*; 2) колледждердің техникалық мамандық студенттерінің шетел тілін оқытуды арттырудың мақсатты қажеттілігі мен колледждерде шетел тілін оқыту процесін ұйымдастыруға қажетті дидактикалық жағдайлардың болмауы *арасындағы қайшылықтарды* айтуға болады.

Осы қарама-қайшылықтарды шешу **«Колледждердің техникалық мамандық студенттерінің шетел тілінен даярлаудың дидактикалық шарттары»** атты диссертациялық зерттеу тақырыбын таңдауға негіз болды.

**Зерттеу мақсаты:** колледждердің техникалық мамандық студенттерінің шетел тілінен даярлаудың дидактикалық шарттар жүйесін ғылыми негіздеу және әзірлеу.

**Зерттеу нысаны:** колледждердің техникалық мамандық студенттерінің шетел тілінен даярлау.

**Зерттеу пәні:** колледждердің техникалық мамандық студенттерінің шетел тілінен даярлаудың дидактикалық шарттар жүйесі.

**Зерттеу гипотезасы:** *егер* колледждердің техникалық мамандық студенттерін шетел тілінен даярлаудың дидактикалық шарттар жүйесі жоғары деңгей жүйесі ретінде тұжырымдамалық модельдің үйлесімді құрамдас бөлігі болса, *онда* бұл шарттарды колледждердің оқу процесіне енгізу талап етілетін даярлау нәтижелерінің оң динамикасын қамтамасыз етеді, *өйткені* дидактикалық шарттар жүйесін дамытуға бұл тәсіл ретінде негізгі педагогикалық заңдар мен тұтастық, жан-жақтылық, сабақтастық және үздіксіздік принциптері сақталады.

**Зерттеу міндеттері:**

1) колледждердің техникалық мамандық студенттерінің қазіргі білім беру парадигмасы мәнмәтіндегі шетел тілінен даярлаудың мәнін ашу;

2) колледждердің техникалық мамандық студенттерінің шетел тілінен даярлаудың тұжырымдамалық модельдін жобалау;

3) колледждердің техникалық мамандық студенттерінің шетел тілінен даярлаудың дидактикалық шарттар жүйесін әзірлеу;

4) колледждің нақты оқу процесінде әзірленген дидактикалық шарттардың жүйесін сынақтан өткізу.

Қойылған міндеттерді шешу және гипотезаны тексеру үшін келесі **зерттеу әдістері** қолданылды: шетел тілін оқытудың теориясы мен әдістемесі саласындағы ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау, диагностикалау әдістері, модельдеу әдісі мен педагогикалық дизайн, педагогикалық эксперимент әдісі, статистикалық мәліметтерді математикалық өңдеу әдістері, сұрастыру, сауалнамалау, тестілеу, сараптау әдістері.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізіне** отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде әзірленген ережелер кұрады: шетел тілінде білім беру (Құнанбаева С.С., Чакликова А.Т., Гальскова Н.Д., Гез Н.И., Халеева И.И., Елизарова Г.В.), көптілді білім (Жетпісбаева Б.А. және т.б.); білім берудегі құзіреттілікке негізделген тәсіл (Зимняя И.А., Андреев А.В., Хуторской А.В., Филатова Л.О., Болотов В.А., Байденко В.И., Зеер Е.Ф., Павлова А.М., Сыманюк Э.Э., Татур Ю.Г. және басқалар); классикалық дидактиканың негізгі ережелері (Найн А.Я., Яковлева Н.М., Ипполитова Н.В., Зверева М.В., Куприянов Б.В., Марчук Е.Г., Репета Л.М. және т.б.).

**Зерттеу базасы:** Абай Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлық-техникалық колледжі (Қарағанды облысы).

#### **Зерттеудің ұйымдастырылуы және кезеңдері.**

Бірінші кезең (қыркүйек 2016 жыл - қаңтар 2017 жыл). Колледждердің техникалық мамандық студенттерінің шетел тілінен даярлаудың көкейтесті теориялық негіздері мен эмпирикалық алғышарттары, колледжде шетел тілін оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесі зерттелді, зерттеудің өзектілігі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі оқу құжаттарын талдау арқылы дәлелденді. Зерттеудің ғылыми аппараты нақтыланып, құрылымы анықталды.

Екінші кезең (ақпан 2017 жыл - желтоқсан 2017 жыл). Зерттеу негізінде мамандыққа даярлаудың бастапқы оқыту жағдайы зерттелді. Мамандыққа даярлаудың тұжырымдамалық моделі мен дидактикалық шарттар жүйесі әзірленді. Эксперименттің анықтау кезеңі мамандыққа даярлаудың дидактикалық шарттар жүйесін тексеруден басталды.

Үшінші кезең (қаңтар 2018 жыл - желтоқсан 2018 жыл). Эксперименттің қалыптастыру кезеңі өткізіліп, нәтижелері диагностикаланды. Зерттеудің негізгі нәтижесі ретінде мамандыққа даярлаудың дидактикалық шарттарын апробациялау бойынша эксперименттік жұмыс аяқталды.

Төртінші кезең (қаңтар 2019 жыл - сәуір 2019 жыл). Зерттеу нәтижелері шығарылып, тұжырымдар жасалды. Диссертацияны редакциялық рәсімдеу орындалды.

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- отандық педагогика ғалымында алғаш рет колледждердің техникалық мамандық студенттерінің шетел тілінен даярлау мәселесі қазақстандық білім беру жүйесіндегі модернизация процестері аясында және шетел тілінде білім берудің парадигмасы ауыстыру аясында қарастырылды;

- шетел тілдерін оқыту теориясында алғаш рет колледждердің техникалық мамандық студенттерінің шетел тілінен даярлаудың тұжырымдамалық моделі әзірленді;

- шетел тілін оқыту әдістемесінде алғаш рет колледждердің техникалық мамандық студенттерінің шетел тілінен даярлауға дидактикалық шарттар жүйесі әзірленді.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы** шетел тілінде білім беру концептісі, шетел тілін оқыту, екінші тілдік тұлға, мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісі, шет тілдік және мәдениетаралық - коммуникативтік құзіреттіліктер аясында техникалық колледж студенттеріне ағылшын тілін оқыту мәнмәтінде ашылып, мамандыққа даярлаудың тұжырымдамалық моделін әзірлеуге мүмкіндік берді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы** кең көлемде мамандарға дидактикалық материалдар ұсынылғандығымен анықталды, мысалы: колледждің ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған «Колледждердің техникалық мамандық студенттерінің шетел тілінен даярлау» арнайы курсы; «Кәсіби шетел тілінің факультативтік курсы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы; «Колледждердің техникалық мамандықтарына арналған ағылшын тілі» оқулығы; «Колледждердің техникалық мамандықтарына арналған ағылшын тілі» оқулығын қолдануға арналған әдістемелік нұсқаулық.

### **Қорғауға келесі ережелер шығарлады:**

**Ереже 1.** Колледждердің техникалық мамандық студенттерін шетел тілінен даярлаудың ғылыми негіздері, келесі тұжырымдармен анықталады:

1) «шетел тілінде білім беру» және «шетел тілін оқыту» ұғымдары бірдей, өйткені екі процессте екінші тілдік тұлға қалыптастыру мен мәдениетаралық қарым-қатынас құралы болып табылатын шетел тілін оқытуға бағытталған;

2) қазіргі заманғы шетел тілінде білім беру парадигмалық тұрғыда тіл мен мәдениетті зерттеуге бағытталған, сондықтан шетел тілінде білім беру нәтижесі мәдениетаралық коммуникация субъектісін қалыптастырумен байланысты;

3) «мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісі» және «екінші тілдік тұлға» - ассоциативті түсінік, бірақ синонимдік емес, өйткені бірінші жағдайда «мәдениетаралық-коммуникативті құзыреттілік», екіншіден «шетел тілдік құзыреттілік» анықтаушы белгісін көрсетеді;

4) жоғарыда көрсетілген құзыреттілік түрлері екі ұғым арақатынасы: а) мәдениетаралық коммуникация жазықтығында қиылысатындығымен анықталады; б) олардың құрылымында танымдық (білім), жедел-әрекеттік (дағдылар мен қабілеттер, практикалық тәжірибе) және эмоционалды-құндылық (құндылықтар қатынасы) сияқты компоненттер; в) студенттердің

жеке және кәсіби өзін-өзі анықтау мен тануына бағытталған коммуникативті құбылысты қамтиды; ж) шетел тілінде білім беру нәтижесі болып табылады.

**Ереже 2.** Колледждердің техникалық мамандық студенттерін шетел тілінде даярлаудың тұжырымдамалық моделі күтілетін нәтиже мақсатына түрлендіру тетігі ретінде үш блокты қамтиды, олар педагогикалық шарттардың белгілі және жалпы қабылданған классификациясына сәйкес келеді, атап айтқанда психологиялық-педагогикалық, ұйымдастырушылық-педагогикалық және дидактикалық шарттар. Аталмыш үлгіні әзірлеудің бастапқы ұстанымдары төмендегідей:

а) шетел тілін оқытуға бағытталған процесс ретінде шетел тілінен даярлаудың (шетел тілінде білім беру) мәнін түсіну;

б) шетел тілінен даярлау мақсаты ретінде екінші тілдік тұлғаның және/немесе мәдениаралық қарым-қатынас субъектісінің қалыптасуын айқындау;

в) шетел тілінен даярлау нәтижесінде студенттердің тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтау мен тануына ықпал ететін шетел тілін және мәдениаралық және коммуникативті құзіреттілікті болжау.

**Ереже 3.** Дидактикалық шарттар жүйесі колледждердің техникалық мамандық студенттерін шетел тілінен даярлаудың Тұжырымдамалық моделінің алғашқы екі блоктар бірліктеріне негізделген. Басқаша айтқанда, колледждердің техникалық мамандық студенттерін шетел тілінен даярлау үшін дидактикалық шарттар жүйесі жоғары деңгей жүйесі ретінде тұжырымдамалық модельдің үйлесімді бөлігі болып табылады, мұнда 1-ші блоктың бірліктері (шетел тілін оқытудың педагогикалық заңдылықтары, шетел тілдерін оқытудың жалпы және нақты қағидалары, сонымен қатар ТЖКБ жүйесінде шетел тілін оқытудың әдістемелік тұрғыдан маңызды тәсілдері және 2-ші блоктың бірліктері (мақсат пен нәтиже, талап етілетін даярлаудың мерзімдері мен формалары) 3-ші блоктың ғылыми негізділігі мен сенімділігі қамтамасыз етіледі, яғни талап етілетін даярлаудың дидактикалық шарттарының жүйесі, оның құрамында: а) колледждердің ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған «Колледждердің техникалық мамандық студенттерінің шетел тілінен даярлау» арнайы курсы; б) колледждердің техникалық мамандық студенттеріне арналған «Кәсіби шетел тілінің факультативтік курсы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы; в) «Колледждердің техникалық мамандықтарына арналған ағылшын тілі» оқулығы; г) «Колледждердің техникалық мамандықтарына арналған ағылшын тілі» оқулығын қолдануға арналған әдістемелік нұсқаулық.

**Ереже 4.** Колледждердің техникалық мамандық студенттерін шетел тілінен даярлау бойынша эксперимент жұмыстардың нәтижелері, талап етілетін оқыту үшін дидактикалық шарттардың дамыған жүйесінің тиімділігін растайды.

**Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу.** Зерттеу нәтижелері халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференцияларда (Қазақстан Республикасы, Ресей, Беларусь Республикасы), негізгі ережелері ғылыми мақалаларда жарияланған, оның ішінде ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған

басылымдарда – 3 мақала, SCOPUS мәліметтер базасына кіретін журналдарда – 1 мақала, оқу құралдарында, электронды ақпарат құралдарында баяндалды.